



**ШЕШІМ**

**20.04.2022**

Нұр-Сұлтан қаласы

**РЕШЕНИЕ**

№ **172 /24-VII**

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссиясының құрамы туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің ұсынысын қарап, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссиясының құрамы бекітілсін.

2. «Нұр-Сұлтан қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссияның құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 25 тамыздағы № 79/11VII шешімі жойылсын.

**Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының хатшысы**

**Е. Каналимов**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
2022 жылғы 20 сәуірдегі  
№ 172/24-VII шешіміне  
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын  
азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссиясының  
құрамы

- |                                  |   |  |
|----------------------------------|---|--|
| Байкен<br>Есет Берікұлы          | – | Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары,<br>төраға   |
| Малыбаев<br>Бақытжан Әсембекұлы  | – | «Қазақстан Республикасы Ішкі істер<br>министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының Полиция<br>департаменті» мемлекеттік мекемесі<br>бастығының бірінші орынбасары, төрағаның<br>орынбасары                             |
| Қуатбеков<br>Шыңғыс Жеңісұлы     | – | «Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты»<br>мемлекеттік мекемесі құқық қорғау<br>органдарымен және терроризмге қарсы<br>комиссиясымен жұмыс істеу бөлімінің<br>басшысы – әкімнің көмекшісі<br>(режим бойынша) |
| Нұрсағатов<br>Нұрбол Төлегенұлы  | – | Нұр-Сұлтан қаласы «Алматы» ауданының<br>әкімі  |
| Жаулыбаев<br>Ерлан Әлімбайұлы    | – | Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданының<br>әкімі  |
| Есенбаев<br>Асылбек Есімханұлы   | – | Нұр-Сұлтан қаласы «Есіл» ауданының әкімі   |
| Жұмағұлов<br>Жүсіп Рахатұлы      | – | Нұр-Сұлтан қаласы «Сарыарқа» ауданының<br>әкімі  |
| Жанділдаев<br>Бақдәулет Болатұлы | – | Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты  |
| Жұмаев<br>Әліби Арыстанғалиұлы   | – | «Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы»<br>мемлекеттік мекемесінің басшысы   |

Маңқараев  
Қайсар Зәкірұлы

– «Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы

Айтмағамбетов  
Арман Жексенұлы

– «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы (келісім бойынша)

---